

**2024 - 2025 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы:

Топ/сынып: Мектепалды даярлық

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2024-2025 оқу жылы

Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2022 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Сурет салу.

Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.

Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес кимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).

Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.

Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.

Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).

Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.

Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.

Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.

Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің,

әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

Күтілетін нәтижелер:

- заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;
- тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыңтар арқылы жеткізеді;
- түстерді өз қалауы бойынша таңдайды;
- бояулармен қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі;
- өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;
- сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады;
- парактың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады;
- жана түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады;
- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;
- ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады;
- оюды өзбетінше ойдан салады;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;
- ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;
- қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;
- сюжеттік суреттерді салады;
- ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады;
- суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады;
- сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды.

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі
1	Көшедегі үйлер.Біздің үй.	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.	1	17.09
2	Күзгі жапырақтар.	-қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; -табиғатты сүюге, еңбекке тәрбиелеу.	1	15.10
3	Бұлттар.	-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу.	1	19.11
4	Айдарлы әтеш.Түлкі.	-үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту;-- -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту. -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	(17.12) 28.01
5	Домбыра.	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.	1	25.01
6	Орамалды әшекейле.	-балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; -ұқыпты жапсыруға үйрету; -саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; -сенсорикалық тәрбиені дамыту; -достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	1	18.03
7	Әжеме арналған қамзол.	-сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп кию әдістерін жалғастыру;	1	15.04

		-ою атауларын еске түсіру; ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.		
8	Мерекелік жалаушалар	-қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу.	1	20.05
Барлығы: 8 сағат				